

## Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1995 жылғы жылдық есебін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 18 маусымның N 3040

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1995 жылғы жылдық есебін қарай келіп, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының Z952155\_3-бабына және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының Z952733\_15-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Артур Андрсен" аудиторлық фирмасының қорытындысы ескеріле отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 222903.5 млн теңге сомасындағы баланс валютасымен және 7 981.8 млн теңге сомасындағы пайдасымен 1995 жылғы қызметінің нәтижесі туралы жылдық есебі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 1995 жылғы жылдық есебін жарияласын.

3. Қазақстан Ұлттық Банкі Басқармасының ұсынысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1996 жылғы қызметінің нәтижесі бойынша күтіліп отырған пайдадан:

- жарғылық қорға - 0;
- резервтік қорға - 0;
- өндірістік-әлеуметтік даму қорына - 2537 млн. теңге жіберілсін.

Ұлттық Банктің 1996 жылғы нақты алынған пайдасының қалған бөлігі республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті